

ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ ҚАРСЫЛЫҒЫ: ХАЛЫҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ТАРИХИ НАРРАТИВ (1929-1931)

Маді Е. Турлыбаев^{1*}, Халил Б. Маслов², Айжан Р. Ботабекова³

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті (Семей, Қазақстан)

E-mail: toleuoffmadi@gmail.com^{1*}, khalil.maslov@mail.ru²,
aizhan.botabekova@mail.ru³

¹<https://orcid.org/0009-0000-3918-6082>

²<https://orcid.org/0000-0003-2027-0078>

³<https://orcid.org/0009-0009-1384-8047>

Аннотация. Бұл мақалада ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы кеңестік реформалар – ұжымдастыру, тәркілеу, саяси қуғын-сүргін және ашаршылықтың қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық құрылымы мен рухани дүниесіне тигізген зардаптары қарастырылады. Авторлар осы кезеңдегі халық поэзиясын тарихи дереккөзі ретінде талдай отырып, ақын-жыраулар шығармаларындағы әлеуметтік сын мен астарлы қарсылықты анықтайды. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Төлеу Көбдіков, Таймас Есенұлы, Шахан Мусин, Шәкір Әбенев сынды тұлғалардың шығармалары арқылы кеңестік саясаттың нақты салдарлары – мал-мүліктен айыру, аштық, босқындық пен рухани күйзеліс сипатталады. Сонымен қатар, мемлекет басшыларына арналған анонимді хат пен ресми тұлғалармен кездесулерде жазылған өлеңдер негізінде халық наразылығы, саяси-идеологиялық қысымға деген көзқарасы сараланады. Мақалада поэзиялық мәтіндердің тарихи-мәдени құндылығы, куәгерлік сипаттағы мазмұны мен әлеуметтік-психологиялық астары ашылады. Зерттеу нәтижелері халық шығармашылығын кеңестік дәуірдегі саяси репрессия мен әлеуметтік күйзелістерді сипаттайтын қосымша нарративтік дереккөздер ретінде қарастырудың маңызын көрсетеді.

Түйін сөздер: Ұжымдастыру, қуғын-сүргін, халық наразылығы, поэтикалық дерек, әлеуметтік қарсылық, тарихи нарратив, кеңестік идеология, ауызша тарих.

Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің АР23485479 «Семей округіндегі қарулы бас көтерулер құжаттарда: қатысушылардың тарихы және тағдыры (1929-1931жж.)» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

Кіріспе

ХХ ғасырдың 20–30-жылдары қазақ қоғамы үшін ұжымдастыру, ашаршылық және саяси қуғын-сүргін сынды ауыр тарихи кезеңдер болды. Кеңестік биліктің жүргізген реформалары дәстүрлі өмір салты мен қоғамдық құрылысты түбегейлі өзгертумен қатар, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына үлкен зардап келтірді. Осы кезеңдегі қоғамдық-саяси процестерді дәстүрлі дереккөздермен қатар, ақындардың поэтикалық шығармалары арқылы зерттеу – тарихи шындықты кешенді түрде түсінуге мүмкіндік береді.

Ақындар шығармалары – ұжымдастыру мен ашаршылық кезіндегі халықтың ішкі толғанысы, билікке деген наразылығы мен рухани күйзелісінің көркем тілдегі айқын бейнесі болып табылады. Бұл поэтикалық туындылар

ресми насихаттан тыс қалған әлеуметтік жағдайлардың куәгері әрі баламалы тарихи дереккөз ретінде құнды.

Осы мақалада XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы ұжымдастыру саясатына байланысты қазақ халқының қарсылық қозғалыстары мен әлеуметтік-экономикалық күйзелісін зерттеуде ақын шығармаларының рөлі қарастырылады. Ақындардың поэзиясы – ұжымдастыру дәуіріндегі тарихи оқиғаларды әлеуметтік және рухани контекстте түсінуге жана мүмкіндіктер ашатын, дәстүрлі архивтік дереккөздерді толықтыратын маңызды құрал ретінде бағаланады.

Материалдар мен әдістер

Мақалада XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы ұжымдастыру, тәркілеу және саяси қуғын-сүргін кезеңіндегі халық наразылығын бейнелейтін поэтикалық шығармалар тарихи дерек көзі ретінде талданды. Зерттеу материалы ретінде сол кезеңде өмір сүрген және қуғын-сүргінге куә болған халық ақындарының (Төлеу Көбдіков, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Таймас Есенов, Шахан Мусин, Шәкір Әбенев және т.б.) өлең-жырлары, куәгерлік сипаттағы ауызша деректер, сондай-ақ сол кездегі анонимді хаттар мен естеліктер пайдаланылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде деректанулық талдау, тарихи-салыстырмалы әдіс, сондай-ақ мәтіндік және дискурстық талдау әдістері қолданылды. Ақын шығармаларындағы тарихи жағдайлар, әлеуметтік сипаттамалар және билікке қарсылық мотивтері тарихи шындықты бейнелейтін дерек көзі ретінде қарастырылып, халықтың ішкі әлеуметтік-психологиялық көңіл-күйін сипаттауға бағытталған.

Сонымен қатар, зерттеуде интердисциплинарлық тәсіл, яғни тарих пен әдебиеттің тоғысында жатқан дерекнамалық әдіс қолданылды. Көркем мәтіндер ресми архивтік құжаттармен толық қамтылмаған тарихи үдерістерді сипаттайтын қосымша нарративтік дереккөздер ретінде сараланды.

Талқылау

XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы кеңестік реформалар — ұжымдастыру, тәркілеу, ашаршылық және саяси қуғын-сүргін — қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік-экономикалық құрылымын түбегейлі өзгертті. Аталған реформалардың зардаптары тек материалдық жағынан ғана емес, сонымен қатар рухани және мәдени кеңістікте де терең із қалдырды. Осы тұрғыда халық поэзиясы — сол дәуірдегі қоғамдық ахуалды бейнелейтін маңызды нарративтік дереккөз ретінде қарастыруға негіз бар.

Алдыңғы зерттеулердің арасында А.С. Жанбосинова, К.Р. Жириндинова және С.С. Жандыбаевалардың «Устная микроистория «Большого террора» атты мақаласы кеңестік кезеңдегі репрессияларды ауызша тарих пен архивтік материалдар негізінде қарастырған маңызды зерттеу ретінде ерекшеленеді (А.С. Жанбосинова, К.Р. Жириндинова және С.С. Жандыбаева, 2020). Бұл зерттеу архивтік және ауызша дереккөздерге негізделген

зерттеулері кеңестік репрессиялардың әлеуметтік-психологиялық аспектілерін зерттеуде маңызды ғылыми үлес болып табылады.

Сонымен қатар, Қ. Мұхамедхановтың Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығына арналған зерттеулері әдеби-тарихи тұрғыдан құнды болып, ақынның шығармаларын кезең-кезеңімен жан-жақты зерделеп, олардың идеялық мазмұнын, көркемдік ерекшеліктерін және тарихи мәнін терең талдайды (Мұхамедханов, 1988). Бұл зерттеулер Шәкәрім поэзиясының замана болмысымен байланысын ашып, ақынның қоғамдық көзқарасы мен тарихи жағдайларға деген қатынасын түсіндіруге ғылыми негіз қалыптастырады.

Мұрат Төлеуұлының әкесі жайлы естеліктері зерттеуде маңызды ауызша дереккөзі ретінде пайдаланылды. Бұл естеліктер ұжымдастыру кезеңіндегі әлеуметтік-рухани ахуал мен халық қарсылықтарының нақты көрінісін ашуға мүмкіндік береді.

А.С. Жанбосинова, К.Р. Жириндинова және Б.Ж. Атантаевалардың «Social Adaptation of Kazakh Nomads in the Period of Forced Collectivization» атты зерттеуі қазақ көшпенділерінің ұжымдастыру кезеңіндегі әлеуметтік бейімделу тәжірибелерін жан-жақты қарастырады (Zhirindinova, Zhanbosinova, Atantaeva, 2019). Бұл мақалада көшпенділердің әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер, жаңа экономикалық және саяси жағдайларға бейімделу үдерістері, сондай-ақ ұжымдастыруға қарсы қарсылық әрекеттері талданады. Зерттеу ұжымдастыру процесінің қазақ қоғамындағы әлеуметтік трансформация мен рухани күйзелістерге әсерін көрсетуде құнды мәліметтер береді.

Сонымен қатар, зерттеуде бірқатар өлкетанушы мен тарихшылар — Ш. Мұратқызы (Мұратқызы, 2015), С. Жүсіп (Жүсіп, 2016), Н. Нұрышов (Нұрышов, 2019), З. Ижанов (Ижанов, 2004), К. Төлемісұлы (Төлемісұлы, 2016) және Р. Нүсіповтың (Нүсіпов, 2020) зерттеулеріндегі естеліктер маңызды дереккөзі ретінде пайдаланылды. Бұл естеліктер ұжымдастыру және ашаршылық кезеңіндегі әлеуметтік-мәдени ахуалды ашып көрсетуге, тарихи оқиғалардың жергілікті деңгейдегі көрінісін нақтылауға мүмкіндік береді.

Мақалада қарастырылған ақын-жыраулар шығармалары (Шәкәрім Құдайбердіұлы, Төлеу Көбдіков, Таймас Есенұлы, Шахан Мусин, Шәкір Әбенев және т.б.) кеңестік саясаттың әлеуметтік салдарларын көркем тілмен сипаттап қана қоймай, халық санасындағы өзгерістерді де танытады. Бұл туындыларда ұжымдастыру мен тәркілеу нәтижесінде орын алған мал-мүліктен айырылу, аштық, босқындық және рухани күйзеліс нақты тарихи-фольклорлық бейнелер арқылы өрнектелген.

Ақындар шығармаларындағы саяси-әлеуметтік сын, көбінесе, ашық емес, астарлы тілмен, метафоралар мен бейнелеу құралдары арқылы берілген. Бұл — кеңестік идеологиялық бақылау жағдайында қарсылық білдірудің балама формасы ретінде қабылдануы тиіс. Халық поэзиясындағы мұндай жасырын қарсылық элементтері қоғамдық көңіл күйдің және халықтың ішкі қарсылығының көрінісі ретінде ерекше маңызды.

Зерттеу барысында қарастырылған анонимді хаттар мен ресми тұлғалармен кездесулерде айтылған өлеңдер де сол кезеңдегі наразылық пен

сенімсіздіктің айқын дәлелі болып табылады. Бұл мәтіндер билік пен халық арасындағы алшақтықты, мемлекеттік саясаттың төменгі деңгейде қабылдану сипатын көрсетеді.

Поэзиялық шығармалар тарихи дерек ретінде оқиғалар хронологиясын толықтырмаса да, олардың әлеуметтік-психологиялық астарын, жеке адам мен қауымның субъективті тәжірибесін, ұжымдық жадтағы ұстанымдарын ашуға септігін тигізеді. Осыған байланысты, ауызша халық шығармашылығы кеңестік дәуірді зерттеуде құнды қосымша нарративтік дереккөз ретінде танылуы қажет.

Жалпы, мақалада талданған материалдар XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы саяси реформалардың қазақ қоғамына тигізген ықпалын дәстүрлі мәдениет пен халық поэзиясы аясында қарастырудың өзектілігін көрсетеді. Бұл тәсіл ресми тарихи баяндаулармен қатар, баламалы тарихи сана мен қоғамдық қабылдауларды зерттеуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер

Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдары қазақ халқы жаңа үкіметтен теңдік, бостандық және әділеттілік күтті. Көп ғасырлық отарлық езгіден кейін «теңелдік», «еркін ел болдық» деген ұрандар халық арасында кең таралған еді. Бұл үміт ақын-жыраулар шығармаларында ерекше көрініс тапты. Мәселен, халық ақыны Төлеу Көбдіков 1922 жылы Қарқаралыда өткен Қазақ автономиясының екі жылдық тойына арналған өлеңінде:

«Тең туған біз де совет баласымыз,

Айтпайды ақын жалған расымыз...»— деп басталатын жолдар арқылы ақын Кеңес үкіметінің ұсынған теңдік, әділет және жаңарған қоғам туралы уәделеріне зор сенім білдіреді (Төлеуұлы. 2025).

Алайда бұл сенім көп ұзамай-ақ катігез шындықпен бетпе-бет келді. Ұжымдастыру, тәркілеу, саяси қуғын-сүргін және ашаршылық кеңестік билікке деген халық сеніміне селкеу түсіріп, қоғамдық-психологиялық тұрақсыздыққа алып келді. Халықтың ішкі наразылығы енді поэзияда ашық қарсылық емес, әлеуметтік сын, астары терең күйініш және жасырын наразылық жиі көрініс тапты. Бұл трансформация – кеңестік кезең поэзиясындағы күрделі әлеуметтік-психологиялық процестің дәлелі.

1928-1932 жылдары Қазақстанда жүргізілген ұжымдастыру және ірі байларды тәркілеу науқандары қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық құрылымын бұзып, әлеуметтік-демографиялық дағдарысқа ұшырады. Кеңес билігі жүргізген бұл саясаттар халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салты мен шаруашылық құрылымын күйретіп, ел ішінде әлеуметтік апатқа алып келді. Қазақ ауылының дәстүрлі әлеуметтік-экономикалық бейнесі өзгеріп, бұрын-соңды болмаған аштық, босқындық белең алды. Осы тарихи ахуал ақын-жыраулар шығармашылығында кеңінен көрініс тауып, халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі күрделі өзгерістерді сипаттауға негіз болды. Ақындар мен жыраулар халықты жаппай күштеп ұжымдастырудың салдарынан туған ашаршылықты, малы мен жерінен айырылған елдің мұңын, босқындық өмірді, туған жерге деген сағынышты жырларына арқау етті. Бұл туындыларда

идеологиялық сүзгіден өтпеген нақты тарихи жағдайлар, жергілікті оқиғалар мен жеке адамдар тағдыры көрініс тапқан.

Келесі бір халық жадында сақталған поэтикалық туынды ұжымдастыру жылдарындағы кеңестік қуғын-сүргіннің әлеуметтік және саяси мазмұнын терең ашып көрсетеді. Бұл өлеңде кеңестік биліктің әділетсіз саясаты, жалған жала арқылы жазықсыз адамдарды қудалауы, жеке тұлғаның тағдырын билік мүддесіне сәйкес оңай өзгерте алатын озбыр жүйенің табиғаты көркем тілмен бейнеленген. Қазақтың тұңғыш дәрігерлерінің бірі — Бөжей Мыңғатұлының кеңестік жүйе тарапынан негізсіз айыпталып, тұтқындалуы мен кейінгі тағдыры суреттеледі. Ақын әділдіктің жойылуын, адам тағдырының жалған айыптаулар негізінде шешілуін поэтикалық құралдар арқылы сынға алады. Бұл туынды халықтың ішкі қарсылығын және әділетке деген сенімінің жойылмағанын білдіретін рухани-мәдени куәлік ретінде де бағаланады.

Мысалы, өлеңдегі келесі жолдар:

«Жер – көкте жоқтан құрап, пәле жауып,

Ауданға Бөжейді әкеп тұтқындатқан

Құндақбай Шоламбаев куә тауып.»

Бұл жолдар кеңестік биліктің саяси қуғын-сүргін саясатын жүзеге асыруда жергілікті белсенділердің рөлін көрсетеді. Жала жабу, жалған куәлік беру сияқты құбылыстар архивтік материалдармен де расталады. Поэтикалық мәтіндегі «Құндақбай» образы нақты адамға қатысты емес, халық жадында сақталған әлеуметтік модельдің көрінісі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Сонымен қатар:

«Жаласы жаза болмай босанған соң,

Өлтіріп жолда, өш біреу қаза тапқан.» (Төлемісұлы, 2016:196).

Бұл жолдар қуғын-сүргін құрбандары мен олардың жақтастарының кек алуға деген ұмтылысын көрсетеді, яғни репрессияның қоғамға ұзақ мерзімді әлеуметтік-психологиялық әсерін айқындайды. Бұл кеңестік репрессиялық жүйенің тек құқықтық механизмдермен ғана шектелмей, зорлық пен жазалаудың бейресми тәсілдерін де қалыптастырғанын білдіреді.

Бөжей Мыңғатов туралы поэтикалық баяндауда берілген жалған жала, әділетсіз соттау, заңсыз қудалау сияқты сипаттамалар сол кезеңге тән ортақ құбылыс болғанын өзге де деректер растайды.

Халық ақыны Төлеу Көбдіковтің өмір жолына қатысты маңызды деректерді оның кенже ұлы, Мұрат Төлеуұлының естеліктерінен табуға болады. Оның айтуынша, Төлеу ақын 1928 жылғы тәркілеу науқанынан аман қалса да, 1930 жылдың қаңтар айында басталған саяси қуғын-сүргін кезінде түрлі негізсіз айыптаулармен он жылға сотталып, Қарқаралыдағы халық арасында «Қоңыр абақты» деп аталатын түрмеге қамалған.

Мұрат Төлеуұлы өз естелігінде әкесінің бұл оқиға туралы айтқан сөздерін келтіреді: *«Не үшін сотталғанымды өзім де білмеймін, әйтеуір түрлі жалаларды жауып, он жылға соттап жіберді»,* – деп, ақын еске алған екен (Автордың, 2013).

Бұл дерек Төлеу ақынның өміріндегі қиын кезеңдерді айқын көрсетіп, оның шығармашылығындағы әлеуметтік-саяси жағдайларды түсінуге

көмектеседі. Соның бірі Төлеу ақынның Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Елтай Ерназаровпен кездесуінде елдің ауыр халін арнау түрінде жеткізген. Бұл өлең – сол тарихи кезеңдегі нақты көріністерін сипаттайтын тарихи құнды дерек.

Ақын бұл өлеңді Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Елтай Ерназаровпен түрмеде жолыққан кезде арнап шығарған (Көбдікұлы, 2018:202-203). Туындыда заман шындығы, халықтың ауыр тұрмысы мен ел ішіндегі қуғын-сүргін нақты әрі астарлы түрде сипатталады. Шығарманың мазмұны ресми билікке қарсы ашық наразылық сипатында емес, алайда онда әлеуметтік қарсылық пен зұлматқа деген ішкі күйініш көркем тәсілмен берілген.

Мәселен, ақын ауылдағы тәркілеу науқанының қисынсыз әрі халықты ауыр жағдайға душар еткенін былай деп суреттейді:

*«Егін ор, қар үстінен бидай тап деп,
Кәмпеске қаттау жүрді малымызға...».*

Мұнда үкіметтің нақты табиғи жағдаймен, халықтың өмірлік шындығымен санаспай, жоғарыдан күштеп тапсырма бергені ашық көрінеді. *«Қар үстінен бидай тап»* деген жол — биліктің әрекетінің шынайы өмірге мүлдем сәйкес келмейтінін, саяси формализмді әшкерелейді. Ал *«малымызға кәмпеске қаттау жүрді»* дегені — қазақ тіршілігінің негізгі өзегі болған малдың күшпен тартып алынуын білдіреді.

Ақын ұжымдастырудың салдарынан ел ішіндегі әлеуметтік апаттың күшейіп, аштық, жетімдік, жоқшылық белең алғанын былайша сипаттайды:

*«Қолдағы бар азықты сыпырып ап,
Тамақсыз шуылдап аш бала қалды...».*

Бұл жолдарда халықтың ең соңғы азығынан айырылып, тіпті балалардың аштықтан жылап жатқанын көреміз. Мұндай поэтикалық бейнелер — кеңестік саясаттың адамгершілікке жат болмысын әшкерелейтін шынайы суреттер.

Келесі бір шумақта ауыл белсенділерінің (төменгі буындағы орындаушылардың) шектен шыққан қатігездігі сыналады:

«Сыпырды белсенділер жонымызды...».

Осы бір-ақ жолда қазақ қоғамының жон арқасы болған шаруашылық құрылым мен дәстүрлі тұрмыс толықтай тоналып, қоғамдық құрылым мен шаруашылық қатынастар түбірімен өзгерді. Белсенділердің әрекеті — халық жадында әділетсіздіктің, отарлық қысымның символына айналған.

*«Ішінде бес қаралы кедейде бар,
Міне отыр қорқақ қоян сорлы байың...».*

Ақын кедей мен байдың теңескенін емес, байдың қорланғанын, кедейдің де күйзелгенін көрсетіп отыр. *«Қорқақ қоян сорлы байың»* деген теңеу арқылы бұрынғы дәстүрлі иерархиямен өмір сүрген әлеуметтік топтың психологиялық күйзелісін бейнелейді. Мұнда байға деген аянышпен қатар, қоғамдағы құндылықтардың құлдырауына ішкі наразылық бар.

Ұжымдастырудан зардап шеккен халықтың жағдайы өлеңде дәл әрі нақты суреттеледі:

*«Үй басы бірді-екілі қара қалды,
Бейкүнә, талай момын жараланды...».*

Ақын бұл жолдарда қарапайым қазақ отбасыларының қаншалықты күйзеліске түскенін, бейкүнә жандардың жазықсыз жапа шеккенін көрсетеді. Мұнда өлең саяси сипаттан гөрі әлеуметтік-философиялық тереңдікке ие болып, жаппай тәркілеу мен ұжымдастырудың шынайы зардаптарын ашады.

Өлеңде ақын өзінің ресми билікке қарсы еместігін білдіретіндей көрінгенімен, бұл тұс та ерекше назар аударуды қажет етеді:

*«Қалайша өкіметке қас болады,
Білесіз қойдан момын қазақ жайын...».*

Бұл — кеңестік кезең ақындарына тән поэтикалық автоцензураның мысалы. Ақын өзінің сөзін тікелей қарсылық ретінде көрсетпеу үшін өкіметке қарсы емес екенін айтқан кейіп танытады. Алайда осы сөздің өзі «момын қазаққа мұндай қатыгездік жасау қаншалықты әділетті?» деген астарлы сұрақ тудырады. Бұл да жасырын наразылықтың бір көрінісі.

Сонымен бірге, ақын жоғары билік өкіліне сенім артқан кейіп танытады:

*«Сізсіз гой бұқараның тиянағы,
Отырған аузын ашып, көзін жұмып,
Сары ауыз балапан ұядағы...».*

Бұл шумақта елдің аңғал, қамқорлыққа зәру күйі мен үкіметке деген әлсіз үміті қатар өріледі. Бірақ өлеңнің бүкіл құрылымы мен мазмұны осы сенімнің де шынайылығына күмәнмен қарауға итермелейді. Төлеу ақын бұл жолдар арқылы да өз сөзін тұспалдап жеткізуге тырысады.

Осылайша, ақын өз заманындағы зобалаңды көркем тілмен жеткізу арқылы ұжымдастыруға ашық қарсы шықпағанымен, шын мәнінде терең әлеуметтік қарсылық білдірген. Бұл — кеңестік кезең әдебиетіне тән астарлы ойлау мен шындықты жанама жеткізу тәсілдерінің жарқын мысалы. Төлеу Көбдіков өлеңі арқылы тек бір ақынның ғана емес, халықтың наразылық әлеуеті көркем формада көрініс тапты.

Алайда үкімет басшысы халық ақынының ұжымдастыру жылдарындағы әлеуметтік әділетсіздіктерді жыр арқылы жеткізуін саяси қауіп ретінде бағалаған. Бұл оның мына сөзінен анық байқалады: *«Мынау түрмеде отырғанда мынаны айтты, босатсаңдар тіпті бүлдіреді. Апарып қамап қойыңдар»*, – деген (Төлеуов, 2016:241).

Халық ақыны Төлеу Көбдіковтің 1931 жылы түрмеде отырып шығарған өлеңі — осы зобалаң кезеңді бейнелейтін, көркем де саяси маңызы зор туындылардың бірі. Ақынның бұл өлеңін көркем шығарма ғана емес, тарихи-мәдени құжат, кезең шындығын бейнелеген дерек ретінде қарастыруға болады. Онда ұжымдастыру, тәркілеу, ашаршылық, белсенділердің озбырлығы — барлығы халық көзімен көріп, жүрегімен сезінген ақын сөзі арқылы жеткізілген. Өлеңде ашық саяси үндеу байқалмағанымен, тарихи әділетсіздікке деген поэтикалық наразылық айқын аңғарылады.

Байқағанымыздай ел тізгінін ұстаған басшылар идеологиялық ұстанымдарды адам тағдырынан жоғары қойған. Осыған ұсас жағдай 1931 жылы Шыңғыстау өңірінде де (қазіргі Абай ауданы) орын алды. Аталған ауданға Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Елтай Ерназаров арнайы сапарымен келеді. Бұл сапарға үміт артып жиналған халықтың

жағдайы өте ауыр еді: аштық белең алған, малдан айырылған, ашынған ел арыз-шағым айтып, үкіметке соңғы үмітпен қарайды. Осы оқиғаның куәгері Аюбай Кенесариннің айтуы бойынша: «...Қазақ үкіметінің басшысы Елтай Ерназаров келгенде (1931) Шәкәрім сол кісіге кіріп, ұзақ әңгімелесіп, шығып тұрғанда көрдім. Жаздыкүні болатын. Елтайға арналып Қарауыл өзенінің жағасына бірнеше қазақ үйі тігілгенді. Елтай отырған үйді милиция адамдары күзетіп тұрды. Арыз айта келгендер өте көп еді. Бірқатары кіруге рұқсат ала алмай күнұзақ тосумен болды. Сол күні атақты өнер иесі, әнші Ағашаяқ ретін тауып кіріп, сиырымды қайтарып беретін болды деп қуанып шықты. Басқалары арызымыз шешілмеді деп ренжіп шығып жатты. Бір кезде Елтай отырған үйден Шәкәрім де шығып келіп, тұрған халыққа: «Малдан айрылған елдің ашыға бастағанын айтып, тәуір-ақ сөйлестім. Көнбеді. Мәселе шешетін басшыға ұқсамайды. Босқа әуре боп кірмей-ақ қойыңдар» - деп, атына мініп жүріп кеткен» (Жүсіп, 2016). Дәл осы оқиғадан кейін Шәкәрім Құдайбердіұлы терең рухани күйзеліс үстінде «Өтініш зарым» атты өлеңін жазыпты (Абай, 1995:52). Бұл өлеңде:

«...Бостандыққа елім қана алмай,

Әділет жолын таба алмай.

Басшыға айтқан мұңдары

Есепке жатыр саналмай,

Кеп арыз жолда қалатын.

Түзелмей отыр басшылар,

Қойылса екен жақсылар,

Елменен еркін санасар

Саналы, ойлы сақшылар,

Әділет жолға салатын.

...Қазақтың басшы баласын

Сөйлестім, көріп шамасын

Қалайша қалап қойған ел

Сезімсіз, ойсыз шаласын,

Түк келмейтін қолынан?!

Ел мұңын ондай ұға алмас,

Бастық та болып тұра алмас.

Мансапқа өзің мақтансаң,

Еліңнің басы құралмас,

Адасар айқын жолынан...» - деген жолдар ақынның билік өкілімен болған нақты диалогқа негізделген. Бұл — кездейсоқ пікір емес, Шәкәрімнің мемлекеттік басқару жүйесіне берген сыни бағасы. Ол «үкімет басшысы» бейнесі арқылы кеңестік биліктің кадрлық саясатына астарлы түрде сын айтады: биліктің жоғарғы органдарына іріктеліп алынған адамдардың ішкі дүниесі жұтаң, интеллектуалдық және моральдық тұрғыдан әлсіз екенін байқатады. Ақынның айтуынша, мұндай адамдар ел тағдырын шешуге қауқарсыз және саяси ерік-жігерден жұрдай. Бұл өлең жолдары арқылы Шәкәрім тұтас жүйенің халықтан ажырап қалғанын, оның ішінде басқарушы буын мен бұқара арасындағы алшақтықтың артқанын нақты тарихи куәлік

ретінде сипаттайды. Осылайша, ақын басқарудың тек прагматикалық немесе материалистік, қолданыстағы әлеуметтік-саяси мақсаттарға негізделген жүйесі туралы айтып отыр.

Осылайша, бірқатар ақындардың Елтаймен кездесулері кезінде дүниеге келген шығармаларында халықтың жанайқайы, әлеуметтік әділетсіздікке деген наразылығы айқын көрініс тапқан. Бұл шығармалар — поэтикалық формада берілген тарихи шындықты жеткізудің бір әдісі ретінде бағаланды. Алайда, мұндай көркемдік туындылармен қатар, халық үнінің айқын әрі тікелей формасы ретінде азаматтық және саяси сипаттағы жазбалар да орын алды.

Осы орайда ерекше назар аударуға тұрарлық маңызды деректің бірі — Елтайға жолданған анонимді ашық хат. Бұл құжат — көркем шығармалармен үндес, бірақ мазмұны жағынан одан да өткір, саяси тұрғыдан батыл әрі әлеуметтік реализмге толы құжат болып табылады. Хатта қазақ ауылының аштық, суық, жоқшылық пен үмітсіздікке тап болғаны, жайылымдарынан айырылғаны, балалар мен аналардың ауыр халде екені жан тебіренерлік тілмен сипатталады. Сонымен қатар, автор билік басындағыларды халық мүддесін сатқан, отаршыл саясатты қолдаған деп ашық айыптайды. Осы хат мәтіні автордың қазақ ауылындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды жан-жақты, жан тебіренерлік әрі ашық сипаттайтынын дәлелдейді: «Елтай! Теперешний казахский аул переживает тяжелые бедствия, у них отобрали джайляу (летовки), хлеб, который принадлежал детям аула. У них нет одежды, питания, они кормятся самообманным, безрезультатным и бесконечным разговором и этим самым начинают пропадать. Этот позор, этот голод, этот холод, этот самообман завтра же должен занимать место в истории на белой бумаге красной кровью. Кто же тогда даст на это ответ? Завтра молодое поколение и образованная интеллигенция казахского народа, будут выводить казахский народ из темноты, невежества, болезней и очищать от неприятного запаха, будут стремиться к тому, чтобы он стоял на высоте. У кого же тогда будет краснеть лицо? Если наступит день, что плачущий народ, голодающие дети, нуждающиеся женщины, сжатая степь — будут радоваться и придут в себя. То чье лицо должно быть намазано черной сажой? Конечно, я не буду давать ответа и не буду краснеть и не будет на моем лице черной сажи, ибо я буду изгонять имеющиеся болезни и сажу помощь в строительстве кирпичей будущего хорошего. Кто же будет отвечать? Отвечать будешь ты как дураки бывших предков — ты продал интересы народа за желтый билет и за красный стол и не думая о будущем народа, ты продал их интересы русским пришельцам — колонизаторам. Тебя не избрал голос народа и дух предков, а ты посажен колонизаторами России. Ты за это готов даже пожертвовать своего собственного сына, ибо ты палка в руках колонизаторов. 70 проц. пролетариата запада боролись и борются с 30 проц. индивидуальниками капиталистами уже 200 лет, но они строительства социализма не добились. Социализм Елтая — 99 проц. имущему индивидуальнику казахского народа навязал ярмо и тянет его на веревке, на автомобиле вперед. Елтай! Подумай, не заставляй народ плакать, богатыря найти можно, но найти народ трудно.

Если найдется народ, то не найдется земли. Если будет народ и будет богатырь, если будет земля и будет народ» (Ижанов, 2004:11).

Хаттың соңында автор кеңестік билікті халық алдындағы жауапкершіліктен жалтарды деп айыптай отырып, болашақ ұрпақтың қазақ халқын қараңғылықтан, надандықтан, аурудан құтқарып, ұлттық намысты қалпына келтіруге күш салатынына үміт артады. Бұл үзінді хаттың тек тарихи кезеңнің әлеуметтік-экономикалық зардаптарын емес, сонымен қатар ұлттық сана мен рухани жаңғыруға деген ұмтылысты білдіретінін көрсетеді. Автордың сөзі – кеңестік жүйеге деген сыншыл көзқарас пен азаматтық ұстанымның көрінісі.

Дәл осы құжат сияқты, халық поэзиясы да ұжымдастыру кезеңіндегі әлеуметтік зұлматты шынайы әрі терең жеткізудің қуатты құралына айналды десек болады. Сол дәуірде ел ішінде туған өлең-жырлар халықтың шын көңіл-күйін, жүйеге деген қарсылығын, әділет іздеген арманын айқын аңғартады. Осы ретте халық мұңын жыр еткен ақындардың бірі — Таймас Есенов (1889–1937).

Шығыс Қазақстан облысының Мақаншы өңірінде дүниеге келген Таймас Есенов — суырып салма, шешен, айтыскер, әрі ел ішінде үлкен құрметке ие болған тұлға. Оның шығармашылық мұрасындағы ең бағалы тұс — кеңестік саясаттың бұқараға тигізген зардабын батыл әрі ашық жырлай білгені.

Таймас Есеновтің шығармалары ұжымдастыру жылдарында ауыл халқының әлеуметтік жағдайының күрт өзгеруі, мал-мүлік тәркілеу науқандары мен жергілікті белсенділердің әрекеттері секілді тарихи оқиғаларды бейнелеуімен құнды. Ақын жырлары сол кезеңдегі халық наразылығы мен күйзелісін білдіретін ауызша дереккөзі ретінде қарастыруға негіз береді. Мәселен, ол бір өлеңінде былай дейді:

Әй, белсенді, белсенді,

Қамқоршы деп ел сенді.

Бар малынан айырылып,

Кедей сорлы теңселді.

Бұл жолдарда ақын ұжымдастыру науқанын жүзеге асырған жергілікті өкілдердің әрекеттеріне сын көзбен қарайды. Халық үміт артқан белсенділердің іс-әрекеті нәтижесінде, кедей шаруалар да күнкөріс көзінен айырылып, әлеуметтік дағдарысқа ұшырайды. Өлең мазмұны ақынның сол кезеңдегі қоғамдық-саяси жағдайға деген қарсылығын және жеке азаматтық көзқарасын айқын аңғартады.

Келесі бір жолдарда:

Елге әмір жүргізді,

Тақыр шалбар кигізді.

Жаңғыз сиырды қорға алып,

Артты жерге тигізді (Нүсіпов, 2020).

Аталған жолдарда ұжымдастыру саясатының салдарынан туған жоқшылық, аштық және жеке меншіктің жойылу үдерісі бейнеленген. Өлең мазмұны

ресми насихаттан тыс, халықтың шынайы әлеуметтік жағдайын көрсететін ауызша дерек ретінде бағалы.

Шәкір ӘбенOVтың шығармашылығында 1930-жылдардағы кеңестік ұжымдастыру, діни сенімдерге қысым көрсету сияқты зұлматты саяси үдерістерге халықтың ішкі наразылығы терең әрі шынайы көрініс табады. Оның «Бұл — шындық, көзім көрді, емес өсек...» деген өлеңі — сол кезеңнің тарихи ақиқатын жеткізетін көркем шежіре ғана емес, сонымен қатар тарихи дерек көзі ретінде талдауға болатын мазмұнды туынды (ӘбенOV, 2020:54).

Ақынның «көзім көрді» деген сөзі шығарманың куәгерлік сипатта жазылғанын көрсетеді. Бұл — өлеңді жай пікір немесе насихат емес, деректік куәлік ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Кеңестік тарихнаманың үстірт немесе біржақты сипаттарын ескере отырып, Шәкір ӘбенOVтің өлеңін баламалы дерек көзі ретінде пайдалану — ұжымдастыру дәуіріндегі халықтың нақты күйзелісі мен наразылық деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Өлеңнің алғашқы шумақтарында кеңестік экономикалық саясаттың ауыл халқына тікелей тигізген зардабы нақты көрініс тапқан. Мысалы:

«Қанша мың колхозшыға займ келді,

«Осавиахим» артынан дайын келді»

Бұл жолдар кеңестік кезеңде колхозшыларға салынған мәжбүрлі займдарды және әскери-патриоттық ұйымдарға (ОСОАВИАХИМ) зорлықпен тарту әрекеттерін көрсетеді. Архивтік деректерде кеңестік займдардың ресми түрде «ерікті» деп көрсетілгенімен, шын мәнінде олардың күштеу арқылы жиналғаны белгілі. ӘбенOV бұл шындықты ашық айтып, оның билік тарапынан қысым жасау құралы болғанын көрсетеді.

Ақын кеңес билігінің ресми құжаттарында көрінбейтін, бірақ ауыл халқына салынған жасырын, бейресми салықтарды да әшкерелейді:

«Жарияға жатпайтын бір салық бар,

«Төлемесең, табылар жайың», – деді»

Мұндағы «жарияға жатпайтын» салық — қосымша, бейресми міндеттемелердің кеңес аппараттары арқылы (жергілікті белсенділер мен парторгтар) іске асырылғанын көрсетеді. Бұл, әсіресе, 1930-жылдардың басындағы азық-түлік тапшылығы, жеке мал-мүлікті тәркілеу сияқты науқандардың аясында жиі қолданылған.

Сонымен қатар:

«Тауығың жоқ та болса, ұй бас сайын

Жүз жұмыртқа телейсің, қайдан тапсаң» — деген жолдар экономикалық нақты әділетсіздікті бейнелейді. Мал ұстауға мүмкіндігі жоқ кедей шаруаларға да салық бірдей салынып, қиянат жасалғанын айқын білдіреді.

Кеңестік билік өзін «азаттық әкелуші» ретінде көрсеткенімен, ақын бұл ұрандардың жалғандығын батыл сынайды:

«Халыққа әнердік деп теңдік, азат,

Азат, теңдік дегені — сайқымазақ»

Бұл жолдар кеңес идеологиясының қоғамдық қабылданбауын, оның сатиралық тұрғыда әшкереленуін білдіреді. Мұндай мысқыл — халық

наразылығының жасырын формасы, саяси репрессия жағдайында ақынның ішкі қарсылықты жеткізу тәсілі болған.

«Құдай жоқ, алдау, – дейді – ислам діні,

Тіріге көйлек, өлсе — жоқ кебіні»

Бұл жолдар кеңес өкіметінің атеистік насихатына халықтың қарсылығын білдіреді. Ислам дінін «алдамшы» деп сипаттау кеңестік билік тарапынан күштеп жүргізілген үгіт жұмыстарының салдары болса, ақын бұл насихатты жоққа шығарып, халықтық сенімнің тапталуын сынға алады. Сонымен қатар, тіріге көйлек, өліге кебін таба алмау — экономикалық күйреудің ғана емес, рухани апаттың да символы.

Зерттеу барысында анықталғандай, ұжымдастыру қарсаңындағы халық наразылығы әртүрлі сипатта көрініс тапқанымен, оның басты мазмұны – билікке сенімсіздік, әлеуметтік әділетсіздікке қарсылық және аштықпен байланысты күрделі ахуал болды. Бұған дейін қарастырылған ауызекі шағымдар мен анонимді хаттармен қатар, сол кезеңде өмір сүрген ақындардың шығармаларынан да халықтың ішкі толғаныстары мен жүйелі қарсылықтары айқын аңғарылады.

Осы орайда XX ғасырдың 30-жылдарында өмір сүрген ақын, халық әртісі Шахан Мусиннің «Наркомға хат» атты өлеңі назар аудартатын деректің бірі болып табылады (Мусин, 2003:45-47). Автор кеңестік биліктің ұжымдастыру саясатының салдарынан туындаған аштық пен босқындықты сипаттап қана қоймай, нақты тұлғаларға – халық комиссарына және өлкелік партия басшылығына – тікелей үндеу жолдайды:

«Көріші осыны, ағатайым – наркомым,

Өзің қаздың көрін тірі әкеңнің...»

Бұл жолдарда ақын кеңестік билікті тікелей әлеуметтік апатқа себепкер деп айыптайды. Билік әрекетсіздігін сынға ала отырып, ол гуманитарлық дағдарыстың алдын алуға шақырады. Бұл – азаматтық поэзияның саяси дерек көзіне айналған үлгісі.

Өлеңнің келесі шумақтарында босқынға айналған ауыл халқының трагедиясы беріледі:

«Сәбилерін құрым киізге орасып,

Әке-шеше тағы бірер дөң асып.

Сүлдер құрып, Сібірге де жете алмай,

Сұлай кетті айдалада жыласып...»

Бұл – 1931–1933 жылдардағы жаппай ішкі босқындар мен өлім-жітім көріністерінің көркем, бірақ айқын тарихи сипаттамасы. Автор поэтикалық тәсіл арқылы кеңестік ресми баяндамаларда жабық қалған әлеуметтік шындықты жеткізеді.

Сондай-ақ, ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының өлімін еске алады:

«Әне жатыр Шыңғыстауда Шәкәрім,

Қаныпезер атқан оқтан қансырап...»

Бұл жолдарда репрессияның тек қана әлеуметтік таптарға емес, рухани элитаға бағытталғанын көрсетеді. Шәкәрімнің есімі арқылы қазақ руханиятына жасалған зұлмат ашық әшкереленеді.

Аталған туындының мазмұны мен құрылымы көрсетіп отырғандай, «Наркомға хат» өлеңі — ұжымдастыру қарсаңындағы халық қарсылығының көркем, бірақ тарихи-дәл нысаны болып табылады. Ақынның жеке өмірбаяны да оның жазғандарын деректік негіз ретінде қабылдауға мүмкіндік береді: ол 1936 жылы тұтқындалып, ұзақ жылдар бойы Сібірде айдауда болды (Нұрышов, 2019). Демек, автор осы өлеңді билікке жалпылама наразылық емес, тұлғалық және куәгерлік негізде жазған.

Қорытынды

XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы ұжымдастыру, тәркілеу, саяси қуғын-сүргін және ашаршылықпен қатар жүрген кеңестік реформалар қазақ халқының дәстүрлі өмір салтына, шаруашылық құрылымына және қоғамдық санасына терең соққы берді. Бұл әлеуметтік сілкіністер тек материалдық емес, сонымен қатар рухани кеңістікте де терең із қалдырды. Осы кезеңдегі ауызша және жазбаша поэтикалық шығармашылықты тарихи дерек ретінде қарастыру — сол уақыттағы халықтың шынайы көңіл-күйін, қарсылығын және қоғамдық-саяси трансформацияға берген бағасын ұғынуға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында айқындалғандай, Кеңес үкіметінің бастапқы кезеңінде ақын-жыраулар кеңестік биліктен әділет, теңдік және еркіндік күтті. Бұл үміт Төлеу Көбдіков сияқты халық ақындарының шығармаларында көрініс тапқанымен, кейінгі жылдарда қалыптасқан қатігез шындық — ұжымдастыру мен тәркілеу, зорлық пен репрессия — шығармашылықтағы мазмұн мен интонацияны түбегейлі өзгертті. Ашық қолдау үмітсіз күйінішке, саяси романтизм әлеуметтік реализмге ұласты.

Халық поэзиясы мен жеке ақындардың шығармалары — ресми дереккөздерде көрініс таппаған тарихи процестердің альтернативті шежіресі қызметін атқарды. Олар ұжымдастыру саясатының ауыр зардаптарын, оның ішінде азық-түлік таршылығы, босқындық, аштық және әлеуметтік әділетсіздіктерді бейнелеу арқылы халықтың наразылық әлеуетін көрсетті. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Өтініш зарым» өлеңі арқылы ол кеңестік басшылықтың халықпен санаса алмауын, ел мүддесін ескермеуін өткір сынға алған. Бұл өлең — кеңестік кадрлық саясаттың кемшілігін, басқару сапасының төмендігін, халық пен билік арасындағы үзілісті поэтикалық тұрғыда шебер сипаттаған тарихи куәлік. Шәкәрім шығармасындағы «басшыға сенімсіздік» мотиві — кейінгі әдебиеттерде де жиі ұшырасатын әлеуметтік реңкті тақырыптардың бірі.

Төлеу Көбдіковтің Елтай Ерназаровқа арнаған өлеңі мен оған қатысты жазбаша естеліктер поэтикалық формада жасырын қарсылықтың айқын үлгісі болып табылады. Ақынның кеңестік саясатты тікелей сынамағанымен, астарлы бейнелер арқылы зұлмат шындықты жеткізуі — кеңестік цензура жағдайында қалыптасқан бейімделу тактикасын көрсетеді.

Сол сияқты, Таймас Есенов, Шәкір Әбенев, Шахан Мусин шығармаларында да ұжымдастыру жылдарындағы ауыр ахуал — аштық, тәркілеу, рухани күйзеліс — нақты деректік сипатта берілген. Бұл өлеңдерде ауыл белсенділерінің қатігездігі, билік тарапынан көрсетілген қысым,

халықтың әлеуметтік-экономикалық деградациясы нақты оқиғалар мен бейнелер арқылы суреттелген. Ақындар жаппай кәмпеске, мәжбүрлі салықтар, бейресми жарналар мен зайымдарды, діни сенімге қысым жасалуын ашық айыптаған. Бұл — поэзияның көркемдік құрал ғана емес, азаматтық және тарихи құжат ретіндегі маңызын көрсетеді.

Мемлекет басшыларына анонимді түрде жолданған хаттарда айтылған әлеуметтік-философиялық пайымдар — ұлттық сана, рухани тәуелсіздік және ұлт болашағы мәселелеріне қатысты күрделі көзқарасты білдіреді. Елтай Ерназаровқа жолданған хат кеңестік саяси жүйеге бағытталған ашық айыптауларымен ерекшеленеді және өз кезеңінің батыл қоғамдық үндеу үлгісі ретінде бағаланады.

Жалпы алғанда, зерттелген шығармалар мен куәгерлік мәтіндер ұжымдастыру жылдарындағы қазақ қоғамының терең дағдарысын, халықтың күйзелісін, рухани қарсылығын және билікке деген үміт пен үмітсіздіктің қатар тоғысуын дәл сипаттайды. Кеңестік биліктің күштеп жүргізілген реформалары — қазақ халқының тарихи жадына трагедиялық сипатта енген, ал осы тарихи кезең поэзиясы — сол жадының көркемдік формасы, әлеуметтік шындықтың символикалық айнасы болып отыр.

Осылайша, ұжымдастыру дәуіріндегі поэтикалық мұра – бір мезгілде деректік, эстетикалық және саяси мәні бар тарихи-мәдени құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл кезеңде дүниеге келген өлең-жырлар — халықтың күрделі ішкі күйзелісін, азаматтық үнін, билікпен арадағы қайшылықты және болашаққа бағытталған үмітін поэтикалық тілде жеткізген маңызды тарихи дереккөздер болып табылады.

Әдебиеттер:

Жанбосинова А.С., Жириндинова К.Р., Жандыбаева С.С. Устная микроистория «Большого террора» (по материалам архивно-следственных дел репрессированных). // Исторический курьер. 2020. № 5 (13). С. 98–108. <http://istkurier.ru/data/2020/ISTKURIER-2020-5-08.pdf>

Мұхамедханов Қ. Шәкәрім. // Қазақ әдебиеті. 1988. № 16 (2038). 5-10 бб.

Автордың далалық зерттеу материалдары 2013 ж. Информант Төлеуұлы М., Абай облысы, Қарақол ауылы

Zhirindinova, K.R., Zhanbosinova, A.S., Atantaeva, B.Zh. Social adaptation of Kazakh nomads in the period of forced collectivization // Opción, Año 35, Especial No.23 (2019): 164-180.

<https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/30037/31074>

Мұратқызы Ш. Заманның зарын айтқан Төлеу ақын. 2015 ж. <https://didar-gazeti.kz/zamanny-zaryn-aytan-tleu-ayn/>

Жүсіп С. Елтай Ерназаров кім? 2016 ж. <https://e-history.kz/kz/news/show/3362>

Нұрышов Н. Шахан Мусин. 18 лет за 16 строк. 2019 ж. <https://e-history.kz/ru/news/show/4523>

Ижанов З. Кәмпеске. // Ана тілі. 2004. № 15,16. 20-21 бб.

Шұбартау тарихы [Мәтін] / К. К. Төлемісұлы .., толықт., қосымша бас.. – Семей : [б. ж.], 2016. - 388 б.

Нүсіпов Р. Шәкір Әбенів – дуалы ауыз ақын. 2020 ж. <https://qazaqadebieti.kz/34281/sh-kir-benov-dualy-auyz-a-yn>

М. Төлеуұлының жеке архивінен алынған қол жазбалар. 2025 ж.

Көбдікұлы Т. Шығармалары. Атандым өз тұсымда ақын Төлеу. – Астана: Фолиант, 2018. – 296 б.

Төлеуов М. Жыр дария: өлеңдер / М. Төлеуов: Семей: «Интеллект», 2016. – 322 б.

Абай мұрагерлері / Қ. Мұхамедханов ... – Алматы : Атамұра, 1995. – 202б.

Әбенів Ш. Шығармалары. Екі томдық. 1-том / Ш. Әбенів. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 400 б.

Мусин Ш. [Мәтін] : 24-кітап / ; [кұраст., жауапты ред. А. Ж. Құдабаев ; ред. алқасы: Е. М. Арын [ж.б.] ; С. Торайғыров атын. Павлодар мемлекеттік университеті... – Павлодар : ЭКО, 2003. - 162 б.

Маді Е. Турлыбаев¹, Халіл Б. Маслов², Айжан Р. Ботабекова³

Университет имени Шакарима города Семей, Казахстан

НАРОДНОЕ СОПРОТИВЛЕНИЕ В ГОДЫ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ: СОЦИАЛЬНО-ИСТОРИЧЕСКИЙ НАРРАТИВ В НАРОДНОЙ ПОЭЗИИ (1929-1931)

Аннотация. В статье исследуются последствия советских реформ 1920–1930-х годов, таких как коллективизация, конфискация имущества, политические репрессии и голод. Рассматривается их влияние на социально-экономическое положение и духовное состояние казахского народа. Особое внимание уделяется народной поэзии того времени, которая выступает как исторический источник и выражает социальную критику и скрытое сопротивление. На примере произведений таких поэтов, как Шакарим Кудайбердиев, Толеу Кобдиқов и других, показаны реальные последствия советской политики — лишение скота и имущества, голод, массовые переселения и духовные страдания. В статье также анализируются народные настроения и отношение к политическому давлению на основе анонимного письма, а также поэтических произведений, созданных в ходе официальных встреч с представителями власти. Исследование раскрывает культурную и историческую значимость этих поэтических текстов, рассматривая их как важные свидетельства своего времени, отражающие сложные социальные и психологические процессы. Итоги работы акцентируют внимание на роли народного творчества как ценного дополнительного нарративного источника для понимания масштабов политических репрессий и социальных потрясений в советскую эпоху.

Ключевые слова: коллективизация, репрессии, народное недовольство, поэтический источник, социальный протест, исторический нарратив, советская идеология, устные истории.

Madi E. Turlybaev¹, Khalil B. Maslov², Aizhan R. Botabekova²,
Semey University named after Shakarim, Semey, Kazakhstan

POPULAR RESISTANCE DURING THE COLLECTIVIZATION YEARS: A SOCIAL-HISTORICAL NARRATIVE IN FOLK POETRY (1929-1931)

Abstract. This article examines the consequences of Soviet reforms of the 1920s–1930s, including collectivization, property confiscation, political repression, and famine. It explores their impact on the socio-economic conditions and spiritual state of the Kazakh people. Particular attention is paid to the folk poetry of that period, which functions both as a historical source and as a form of social critique and covert resistance. Through the works of poets such as Shakarim Kudaiberdiev, Toleu Kobdikov, and others, the article highlights the tangible outcomes of Soviet policies—loss of livestock and property, famine, mass displacement, and spiritual suffering. The article also examines public sentiment and responses to political pressure, drawing on an anonymous letter and poetic works composed during official meetings with government representatives. The study underscores the cultural and historical significance of these poetic texts, considering them as valuable testimonies of their time that reflect complex social and psychological processes. The findings emphasize the role of folk creativity as an important supplementary narrative source for understanding the scope of political repression and social upheaval in the Soviet era.

Keywords: collectivization, repression, popular dissent, poetic source, social protest, historical narrative, soviet ideology, oral history.

References

- Zhanbosinova A.S., Zhirindinova K.R., Zhandybaeva S.S. Ustnaja mikroistorija «Bol'shogo terrora» (po materialam arhivno-sledstvennyh del repressirovannyh). // Istoricheskij kur'er. 2020. № 5 (13). S. 98–108. <http://istkurier.ru/data/2020/ISTKURIER-2020-5-08.pdf>
- Muhamedhanov K. Shakarim. // Kazak adabiet. 1988. № 16 (2038). 5-10 bb.
- Avtordyn dalalyk zertteu materialdary 2013 zh. Informant Toleuuly M., Abaj oblysy, Karakol auyly
- Zhirindinova, K.R., Zhanbosinova, A.S., Atantaeva, B.Zh. Social adaptation of Kazakh nomads in the period of forced collectivization // Opción, Año 35, Especial No.23 (2019): 164-180. <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/30037/31074>
- Muratkyzy Sh. Zamannyn zaryn ajtkan Toleu akyn. 2015 zh. <https://didar-gazeti.kz/zamanny-zaryn-aytan-tleu-ayn/>
- Zhusip S. Eltaj Ernazarov kim? 2016 zh. <https://e-history.kz/kz/news/show/3362>
- Nuryshov N. Shahan Musin. 18 let za 16 strok. 2019 zh. <https://e-history.kz/ru/news/show/4523>
- Izhanov Z. Kampeske. // Ana tili. 2004. № 15,16. 20-21 bb.
- Shubartau tarihy / K. Tolemisuly. – Semej: 2016. - 388 b.

Nusipov R. Shakir Abenov – dualy auyz akyn. 2020 zh.
<https://qazaqadebiety.kz/34281/sh-kir-benov-dualy-auyz-a-yn>

M. Toleuolynyn zheke arhivinen alyngan kol zhazbalar. 2025 zh.

Kobdikuly T. Shygarmalary. Atandym oz tusymda akyn Toleu. – Astana: Foliant, 2018. – 296 b.

Toleuov M. Zhyr darija: olender / M. Toleuov: Semej: «Intellect», 2016. – 322b.

Abaj muragerleri / Қ. Muhamedhanov ... – Almaty : Atamura, 1995. – 202 b.

Abenov Sh. Shygarmalary. Eki tomdyk. 1-tom / Sh. Abenov. – Nur-Sultan: Foliant, 2020. – 400 b.

Musin Sh.: 24-kitap – Pavlodar : JeKO, 2003. - 162 b.

Авторлар туралы мәліметтер

Турлыбаев Маді Ермекович – докторант, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Семей, Қазақстан

Халил Борисович Маслов – PhD докторы, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Ботабекова Айжан Рымбековна – тарих магистрі, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің оқытушысы, Семей, Қазақстан.

.

Information about the authors

Turlybaev Madi Ermekovich – PhD candidate, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Khalil Borisovich Maslov – PhD, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University

Botabekova Aizhan Rymbekovna – Master of History, lecturer at Semey Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Сведения об авторах

Турлыбаев Маді Ермекович – докторант, университет имени Шакарима г. Семей, Семей, Казахстан.

Халил Борисович Маслов - PhD, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Ботабекова Айжан Рымбековна – магистр истории, преподаватель Университета имени Шакарима города Семей, Семей Казахстан.